

ӘОЖ 341.7

Ж.Б. Момынқұлов, Э.Б. Ибраимова
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: janatmom@bk.ru, eleonora.ibraemova@mail.ru

Түркия мен Ресейдің саяси-энергетикалық қатынастары

Түркияның аймақтық деңгейдегі ғана емес, сондай-ақ халықаралық геосаясаттағы ұстанымын нығаятудың негізі ретінде энергетикалық факторды атауға болады. Түркияның экономикасы, өнеркәсібі мен сыртқы саяси ықпалының күшеюі үшін ең қажетті шарт – жаңа қуат көздерінің қамтамасыз етілуі болып табылады. Түркия импорттайтын қуат көздерінің жартысын Ресейден жеткізілетін табиғи газ құрайды. Түркия Ресейдің табиғи ресурстарына, әсіресе газына шектен тыс тәуелді болып кетпеу үшін жаңа, балама энергетикалық, көліктік, логистикалық жобаларын жүзеге асыруға мәжбүр. Бұл жобаларға TANAP, BTE, Nabucco, TAP, Транскаспий құбырлары сияқты жаңа энергетикалық шешімдер жатады. Түркия келешекте Ресейге энергетикалық тәуелділігін мақсатты түрде азайтып, Өзбекстан, Түрікменстан, Иран, Ирак, Қазақстан сияқты зор әлеуетке ие шикізат экспорттаушыларына арқа сүйегісі келеді. Ресей өз шикізатын Түркия сияқты айтарлықтай ірі нарыққа экспорттауға мүдделі. Түркия болса, энергия көздерін үзіліссіз түрде жеткізіп тұратын Ресей сияқты сенімді серіктеспен жақсы қарым-қатынаста болғысы келеді. Ресей Түркияның бағасы төмен, сапасы жоғары тауарларын сатып алуға мүдделі болса, Түркия да Ресейдің тұрақты бағаға сатылатын қуат көздерін сатып алуға үлкен қызығушылық танытып отыр.

Түйін сөздер: Түркия, Ресей, энергетика, экономика, стратегия, жоба, нарық, серіктес, қуат көздері, табиғи газ, құбыр, мұнай, шикізат, импорттау.

Zh. B. Momyunkulov. E.B. Ibraemova
Political and Energy Relations of Turkey and Russia

Energy factor is a very important tool for strengthening the position and impact of Turkey not only on regional issues but also on the international geopolitics scale. The most significant condition for boosting economy, industry and foreign policy of Turkey is to secure new energy sources and routes for Ankara's energy strategies. A nearly half of the energy resources are being imported by Turkey from Russia is consisted of natural gas. Trying to avoid to become totally depended on Russia's energy deliveries, especially those of natural gas, Turkey is to be urged to implement new and alternative energy, transporting and logistic projects. These energy projects comprise such energy projects like TANAP, BTE, Nabucco, TAP, Trans-Caspian pipeline. In future, Turkey plans to decrease its dependence on Russia's energy and fuel producers. There are extra energy exporting countries for Turkey that includes Azerbaijan, Turkmenistan, Kazakhstan, Iran and Iraq. As for Russia, it is interested in Turkey's role as a big net importer and consumer of Russian energy resources. Turkey is also interested in maintaining good and smooth relations with Russia, which is seen by Ankara as a strategic strong and reliable partner. Russia needs and will need Turkish goods and products which are of good quality and not so high values. Turkey has definite interests in the importing of energy resources from Russia which is considered as a reliable and stabilizing factor.

Keywords: Turkey, Russia, energy, economy, strategy, project, partner, energy resources, natural gas, petroleum, pipelines, import, raw materials.

Ж.Б. Момынқұлов, Э.Б. Ибраимова
Политические и энергетические отношения Турции и России

Энергетический фактор является инструментом усиления позиции Турции не только на региональном уровне, но также в международной геополитике. Важной предпосылкой для укрепления экономики, промышленности и внешней политики Турции является обеспечение Анкарой новых источников и маршрутов энергии. Половина поставляемой из России в Турцию энергетических ресурсов состоит из природного газа. Во избежание полной зависимости от российских энергопоставок, особенно природного газа, Турция вынуждена реализовать новые и альтернативные энергетические, транспортные, логистические проекты. К таким проектам относятся такие новые энергетические решения, как например, TANAP, BTE, Nabucco, TAP, Транскаспийский газопровод. Турция намерена в будущем уменьшить свою энергетическую зависимость от российских производителей

сырья и топлива. Турция будет опираться на таких экспортеров сырья, как Азербайджан, Туркменистан, Казахстан, Иран, Ирак. Россия заинтересована в Турции как крупном потребителе энергетических источников. Турция же, заинтересована в поддержании хороших отношений с надежным партнером, каковым ей видится Россия. России необходимы турецкие товары хорошего качества со средней стоимостью. Турция проявляет большой интерес к импорту энергетических источников из России, которые отличаются стабильностью и надежностью.

Ключевые слова: Турция, Россия, энергетика, экономика, стратегия, проект, партнер, энергетические ресурсы, природный газ, нефть, трубопровод, сырье, импортировать.

Түркия мен Ресейдің қарым-қатынастары туралы сөз болғанда ең бірінші болып ойға аталмыш екі елдің тарихи бәсекелестігі мен геосаяси тайталастығы оралады. Ресей де, Түркия да Кавказ, Қара теңіз аймағы, Орталық Азия сияқты географиялық кеңістіктердің қалыптасуына және дамуына әртүрлі деңгейде үлес қоса алатын аймақтық саяси күштер болып табылады. Сондықтан да Түркияның Кавказ және Қара теңіз сияқты аймақтардағы саясаты Ресей тарапынан жіті бақыланып, қадағалануда. Өз кезегінде Түркия да Ресейдің аталмыш аймақтардағы саясатына ерекше көңіл бөлуде.

Алайда саяси бақталастыққа қарамастан Мәскеу мен Анкара экономикалық ынтымақтастық салаларында айтарлықтай жақсы нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Түркия мен Ресейдің қатынастары 1990 жылдардың соңында әлемде орын алған күрделі ауысулар мен өзгерістерге бейімделіп, оң динамикаға сай дами түсті. Қос елдің экономикалық ынтымақтастығы жылдам дамып, бір-біріне деген көзқарастары өзгеріп, екі жақты саяси қатынастарының сапалы дамуына түрткі болды. Әсіресе В.В. Путин мен Т.Р. Ердоғанның билік басына келуімен екі жақты экономикалық және саяси қатынастар жоғары қарқынмен, жаңа сапамен дами түсті [1, 38 б.].

Орыс-түрік жақындасуының бес негізгі себебін атауға болады. Біріншіден, Түркияда билік басына жақын исламшыл стратегтер мен идеологтардың пікірінше, Ресеймен ынтымақтасу Түркия үшін ғана емес, бүкіл ислам дүниесі үшін тиімді деген тұжырымдама. Соңғы жылдары Түркия Шанхай ынтымақтастық ұйымына толық мүше-ел ретінде қабылданғысы келетіндігін мәлімдеуде. Екіншіден, Түркия Ресейден жеткізілетін тұрақты да сенімді энергетикалық қуат көздеріне тәуелді болып отыр. Соңғы он жылда Түркия экономикасының жоғарғы қарқынмен дамуы аталмыш елдің энергетикалық қажеттіліктерін де күрт арттырып

жіберді. Үшіншіден, әлемнің әртүрлі аймақтарында аймақтану, яғни регионализация үрдістерінің орын алуы, яғни ортақ мәселелерді аймақ болып бірге шешу үрдістерінің әсерін атауға болады. Төртіншіден, екі елдің де бай тарихи және мәдени тәжірибеге ие болып, бір-бірімен жақындасуға деген геосаяси және геэкономикалық мүдделестігі, шынайы тығыз қатынас орнатуға деген ұмтылысы. Түркия премьер-министрінің кеңесшісі Саваш Баркчиннің ойынша, Ресей мен Түркияның тарихи өткені мен тәжірибесі ұқсас, яғни екеуі де кезінде әлемнің жартысын билеген империялар. Бесіншіден, соңғы он жылда Түркияның ЕО, АҚШ пен Израильге қатысты салыстырмалы түрде дербес саясат ұстануы. Түркияның жан-жақты күшеюі, әсіресе ондағы еуразияшылдық идеясын қолдайтын топтардың нығаюы, Ресейді алып күш ретінде мойындап, соған қарай әрекет етуі Мәскеудің Түркияға қатысты саясатын өзгертуі ықтимал. Мысалы, 2003 жылы Түркия парламенті АҚШ-тың әскерлерінің өз аумағы арқылы өтуіне рұқсат бермеді. Осыдан кейін, Мәскеу түріктерге деген көзқарасын біршама жұмсартты.

Президент В.В. Путин 2012 жылдың 3 желтоқсанында Түрік үкіметінің басшысы Т.Р. Ердоғанмен болған кездесуінде Түркияны «серіктес және көрші» мемлекет ретінде, тіпті, «дос ел» ретінде қарастыратынын жеткізді. Соңғы жылдарда Ресей Түркияның ең үлкен сауда серіктесіне айналды. Бұл жағымды ілгерілеушіліктерге 2007 жылы екі ел арасында қол қойылған еркін сауда келісімінің арқасында қол жеткізілді. Әсіресе соңғы бес жылда Түркия мен Ресей арасында екі жақты түсіністік пен сенімділікті нығайтатын оң қадамдар жасалып, екі жақты қатынастар тереңдей түскен.

Әрине, Мәскеу мен Анкараның арасында бірқатар шешілмеген саяси мәселелердің бар екендігі де белгілі. Мәселен, түрік-армян қатынастары, Түркияның Кавказ аймағындағы

саясаты, түрік-грузин ынтымақтастығы сияқты мәселелер орыс саясаткерлері мен сарапшыларын мазалайды. Қалай десек те, Мәскеу де, Анкара да Кавказдағы ішкі жағдайдың тыныш, аймақтық қауіпсіздіктің тұрақты болғанын қалайды. Ресейдің кейбір сарапшылары Түркияның Орталық Азия елдерінде жүзеге асырған білім беру, мәдени, гуманитарлық, интеллектуалдық, түрікшілдік жобаларының Мәскеудің аймақтық ықпал ету саясатына кереғар екендігін жазады. Әрбір тарап қарсы тараптың Кавказ және Орталық Азия аймағындағы ықпалының әлсірегенін, керісінше, оның есесіне өз ықпалының артқанын тілейді.

Таяу Шығысқа келсек, Сирия азаматтық соғысына қатысты Түркия мен Ресей бір-біріне қарама-қайшы саясат жүргізуде. Түркия өзін аймақтың басты, ішкі, көшбасшы елі ретінде көрсеткісі келсе, Ресей де аймақтағы өз тарихи ұстанымынан бастартқысы келмейтінін білдірді. Түркия Асадтың биліктен аластатылып, демократиялық және сунниттік күштердің нығайып, аймақтың идеологиялық біртұтастануын тілейді. Түркия өз көшбасшылығы мен интеграциялық саясатының Таяу Шығыста жүзеге асырылуын қалайды. Ресей болса, Сириядағы саяси элитаның ауысқанын қаламайды. Қысқаша, Мәскеу Таяу Шығыстың өзгергенін қаламайды, Анкара керісінше, аймақтың өзгергенін қалайды. НАТО Түркияның оңтүстік-батысында «Патриот» әуе қорғаныс жүйелерін орналастыруы Иранмен қатар Ресейдің де көңіліне жақпағаны анық.

2009 жылы Ресей Түркияның ең бірінші, Түркия да Ресейдің жетінші сауда серіктесіне айналды. Екі ел арасындағы сауда айналымы 38 миллиард АҚШ долларына жетті. 2011 жылы сауда айналымы 30 миллиард АҚШ долларына төмендеді. Бұл соманың 24 миллиард долларын Ресейден Түркияға жеткізілетін тауарлар құраса, оның 70%-ын, яғни 21 миллиардты энергетика импорты құраған. Сол жылы Ресей Түркияның екінші ірі сауда серіктесі болды. Алдағы бірнеше жылда екі жақты тауар айналымын 100 миллиард АҚШ долларына жеткізу жоспарлануда. Ресей – Түркияның басты энергетикалық серіктесі, ал Түркия Ресейдің қуат көздерін импорттаушы үшінші ел болып табылады. Осылайша, Түркия мен Ресейдің экономикалық ынтымақтастығы саяси қатынастарды дамытатын мықты фактор ролін атқарды. Екі ел энергетиканы экспорттау-

импорттау мәселелерінде бір-біріне тәуелді болып отыр [2, 2-4 б.].

Ресей мен Түркияның қатынастарының негізгі құраушыларының бірі ретінде энергетикалық сауданы атауға болады. 2008 жылы Түркияда тұтынылған табиғи газдың 63%-ы, мұнайдың 29%-ы Ресейден экспортталған. 2010 жылы Түркия тұтынған табиғи газдың 45.5% , ал, 2011 жылы 55.3%-ын Ресей газы құраған. 2011 жылы Түркияның ішкі мұнай нарығындағы Ресейдің үлесі 12%-ға төмендеген. Екі жақты ынтымақтастық қоржынында энергетиканың үлесін азайту, басқа салаларға да көңіл бөлу қажеттілігі айтылуда.

Түркияның энергетикалық тұжырымдамасы мен стратегиясы Еуропаның энергетикалық саясатын ескере отырып, жасалғандықтан, энергия туралы заңдық нормалары да еуропалық талаптарға сай қабылданған. Әсіресе қуат көздерін жеткізудің жолдарын әртарапандыру және шетелдік инвесторларды энергетика саласына тарту мәселелерінде Анкара Еуропаға көп тәуелді болды. 2001-2005 жылдар аралығында энергетика, табиғи газ, мұнай нарықтары туралы заңдар қабылданып, энергетикалық кәсіпорындар жекешелендіріліп, жеке компанияларға елдің энергетика саласында жұмыс істеуге рұқсат берілді. Түркияның 2010-2014 жылдарға арналған энергетикалық стратегиясына сәйкес Түркия энергия көздерін Еуропаға жеткізуші ел ретінде қарастырылады. Түркияның энергетикалық серіктестері арасында Ресеймен қатар Әзірбайжан, Иран мен Түрікменстан аталады.

Түркия мен Ресей арасындағы ең алғашқы энергетика туралы келісімге 1984 жылдың 18 қыркүйегінде қол қойылды. Екі ел арасында осы кезге дейін ешқашан қол жеткізіліп көрмеген ірі құбырлар торабы туралы келісімдерге қол қойылды. 2009 жылы Ресей Президенті Путиннің Түркияға жасаған сапарында энергия туралы келісімшарттарға қол қойылды. Ресейдің қолдауымен Түркияда ядролық станцияның салынуы туралы жасалған мәлімдеме екі жақты қатынастардың нақты көрсеткіші болды. Әсіресе, түріктің жеке компаниялары азаматтық атом қуатын дамыту саласында Ресеймен ынтымақтасуда.

Қазіргі таңда Еуропаға табиғи қуат көздерін тасымалдау мәселесі Түркия мен Ресейдің энергетикалық саясатына айтарлықтай үлкен әсер етеді. Бірақ аталмыш екі елдің қажеттіліктері

мен рөлдері әртүрлі сипатқа ие. Ресей әрі қуат өндіруші, әрі транзит ел болса, Түркия – тұтынушы болуымен қатар транзит ел. Екі елдің Еуропалық Одақтың энергетикалық саясатына деген ұстанымдары да әртүрлі. Түркия қауіпсіздік сияқты мәселелерде өз әрекетін Батыс елдерімен сәйкестендіруге мәжбүр. Энергетикалық жобалар, Қара теңіз аймағындағы бәсекелестік пен ынтымақтастықты қозғаушы күшіне айналды.

Анкара мен Мәскеудің белсенді энергетикалық ынтымақтастығы және Түркияның Ресейге энергетикалық тәуелділігі күн тәртібіне екі жақты қатынастардың теңдестірілуі мәселесін енгізеді. Еуропаның энергетикалық жеткізілімдерді әртараптандыруға бағытталған стратегиясына сәйкес Ресей Қара теңіз арқылы Түркия аумағын кесіп өтетін «Оңтүстік ағым» газ құбырын жүзеге асыруда. Түркия болса, сол «Оңтүстік ағым» құбырымен бәсекелес басқа жобалардағы ұстанымын нығайтып, Каспийдің қуат көздерін Түркия арқылы Еуропаға жеткізуге арналған құбырлар жүйесін дамытудың амалдарын іздестіруде. Осылайша, екі ел арасында күрделі тепе-теңдік орнап тұр. Ресей Еуропаға газ сатудан түсетін табыстарын сақтап қалғысы келсе, Түркия Еуропа, Кавказ, Орталық Азия және Таяу Шығыс арасында энергетикалық хаб (energy hub) немесе көпір рөлін атқарғысы келеді [3, 24 б.].

Бір-бірімен бәсекелес ірі қуат тасымалдау жолдарын дамыту саласындағы стратегиялық ойындар Түркияның аймақтық деңгейдегі ықпал ету мүмкіндіктерін арттырып, энергетикалық тәуелділігін азайтуға көмектеседі. Ресей мен Түркия арасында ұзақ мерзімді ортақ энергетикалық жобаларының болуы келешекте екі елдің Таяу Шығыс сияқты аймақтардағы саяси мүдделерінің жақындасуына да ықпал етуі мүмкін [4, 5-8 б.].

Ресейдің Түркияға қатысты энергетикалық саясаты тек табиғи газ бен мұнайды ғана емес, басқа да салаларды қамтиды. Қос ел де энергетикалық ынтымақтастықта кез келген жобаның екі жаққа да тиімділігіне (win-win принцибі) басты назар аударады. 2008 және 2009 жылдары Ресей мен Украина арасында саяси-энергетикалық сипаттағы дағдарыс орын алғанда, сондай-ақ 2007 және 2008 жылдары қыс айларында Иранның ішкі газ тұтынымының күрт артуы нәтижесінде Түркияға жет-

кізілетін Иран газы кенеттен тоқтап қалған уақытта Ресей қосымша Түркияға қажетті табиғи газ көлемін жеткізіп, Анкараны қиын ішкі жағдайдан құтқарып қалған еді. Осы сияқты фактілердің болуы Ресейдің «сенімді энергия экспорттаушысы» деген атқа лайықты екенін дәлелдейді. Екі жақты энергетикалық қатынастардың нығаюының дәлелі «Көгілдір ағымы» құбыры және Аккую ядролық станцияны салу жобасынан көрініс тапты.

Түркия Ресейге энергетикалық тәуелділігін азайту үшін «Баку-Тбилиси-Ерзурум» табиғи газ құбыры мен «Баку-Тбилиси-Жейхан» мұнай құбырын іске қосып, оларды өз аумағы арқылы өткізіп отыр. Ресей өз кезегінде Түркия сияқты бірқатар елдер қолдап отырған TANAP, TAP, NABUCCO (бір сөзбен «Оңтүстік газ дәлізі»), Транскаспий құбыры сияқты энергия тасымалдаудың балама жобаларын болдырмаудың жолдарын қарастыруда. Бұл жобалардың жүзеге асырылуы үшін үлкен қаражатпен қатар, Каспий теңізінің мәртебесінің де шешілуі қажет. Алдағы жылдарда, тіпті, қазірдің өзінде Әзірбайжан мен Түркияның ортақ энергетикалық саясаты себепті Ресейдің энергетикалық стратегиясына бірқатар өзгерістер енгізуі ықтимал. Бірақ Ресей Әзірбайжаннан газ сатып алу келісіміне қол қойып, балама жеткізу бағыттарының алдын алған. Орыс саясаткерлерінің ойынша, НАБУККО Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстан сияқты энергетикалық елдерді Ресейдің «ықпалынан құтқаруға» бағытталған АҚШ-тың жобасы болып табылады. Соңғы жылда Еуропалық саясаткерлердің бастамасымен Әзірбайжан мен Түрікменстанның арасында Каспий теңізіндегі Шах-Дениз кен орны арқылы «Транскаспий құбыры» деп аталатын дәліз арқылы Түрікменстанның табиғи газын Каспийдің астымен Әзірбайжанға, одан әрі қарай Түркияның үстімен қолданыстағы құбырлар арқылы Еуропаға жеткізу жоспарлануда. Әрине, алда Ресей бұл жобаларды өзіне тиімсіз болғандықтан жіті қадағалайтын, оны болдырмауға тырысуы мүмкін.

Ресей «Көгілдір ағым» жобасы арқылы транзит елдерді айналып өтіп, Қара теңіз арқылы Түркияға энергия жеткізу жобасын сәтті жүзеге асыра алды. Бұл жағдай Түркияның Ресейге деген энергетикалық тәуелділігін керісінше арттырып жіберіп, Анкараның өзге транзит елдермен

арадағы байланыстарына нұсқан келтірді. Ресей Түркия мен Еуропаның «НАБУККО» жобасына қарсы «Оңтүстік ағым» құбырын іске қосты. Бұл фактор Түркия үшін белгілі энергетикалық қиындықтар тудырды. Түркия Әзірбайжанның Шах Дениз II газ орындарынан «ТАНАП» құбыры арқылы газ тасымалдау туралы келіскен тұста Ресей Түркияға тиесілі «Жеке экономикалық аумағын» қолдану құқығына ие болды.

Анкара Қара теңізден Анатолия құрлығы арқылы Жерорта теңізіне Ресей мен Қазақ мұнайын жеткізеді деп ойластырылған «Самсун-Жейхан» мұнай құбырын жүзеге асыру үшін өзіне тиімсіз «Оңтүстік ағым» жобасының салынуына келісім беруге мәжбүр болды. Оның есесіне, Ресей Анкараның «Самсун-Жейхан» жүйесіне қолдау көрсетті. «Самсун-Жейхан» жобасының қолға алынуының себебі ретінде Түркияның бұғаздары арқылы мұнай танкерлерінің апатқа ұшырауы, нәтижесінде Стамбулдың жағалауларына, адам өміріне, қоршаған ортаға орасан зор залал беруін атауға болады. Бұл құрлық арқылы өтетін құбырлар жобасы Түркия үшін қауіпсіздік, стратегиялық және экономикалық қажеттілігі жағынан өте маңызды жоба. Түркияға тиесілі «Самсун-Жейхан» жобасы Мәскеудің Анкарамен арадағы энергетикалық келіссөздерінде саудаласудың құралына айналды. Бұл тұста, Ресейдің саяси ықпал ету тетіктеріне Түркияның Қара теңіздегі «Жеке экономикалық аумағы» арқылы «Оңтүстік ағым» өтетін құбыры, бұдан бөлек, Аккую ядролық станция жобасы, Түркияда газ тарату құқығы сияқты стратегиялық құралдар жатады [5, 4 б.].

Түркия Қара теңіз және Каспий аймағында жүргізіп отырған энергетикалық саясатында өз мүдделерін қамтамасыз ету үшін Ресеймен ынтымақтасуға мәжбүр. «Оңтүстік газ дәлізінің» (Nabucco, ITGI, TAP, TANAP) шеңберінде Әзірбайжан және Түрікмен газын Түркия аумағы арқылы Еуропаға жеткізу стратегиялары алдағы жылдары да Түркияның энергетикалық саясатының негізгі басымдығы болып қалары анық. Әрине, Каспий қуат көздерін Еуропаға қай жолмен жеткізген абзал деген мәселеде «Шах Дениз консорциумының», яғни Әзірбайжанның

соңғы сөзі де шешуші сипатқа ие болады. Әзірше, Шах Дениз II туралы келісім мен «ТАНАП» жобасының тиімділігі себепті «Набукко» жобасы ұмыт қалдырылып барады [6, 3 б.].

Түркия Үкіметі «Оңтүстік газ дәлізін» жүзеге асыруға Ресей айтарлықтай үлкен кедергі жасайды дегенге сенбейді. Түркияда жұмыс істейтін бірқатар Ресейлік ірі ортақ компаниялар, кейбір ықпалды құрылыс және энергетикалық компаниялар, мүдделі бұқаралық ақпарат құралдары екі елдің экономикалық ынтымақтастығының дамуына үлкен әсер етіп отыр. Өйткені экономикалық фактор саясатты белгілейтін қозғаушы күш болып табылады.

Түркияның көптеген сарапшыларының пікірінше, Ресей түріктердің жүргізіп отырған «Оңтүстік газ дәлізі» жобасын мойындауы тиіс. Олар бұл жобаның Ресейдің мүдделеріне қайшы емес деген ойды алға тартады. Ресейдің саясаткерлері мен кәсіпкерлері аталмыш жобаларды пайдалана отырып, жаңа табыс көздерін табуда. Тіпті, Түркияның «Оңтүстік газ дәлізі» жобасы Ресейдің өзге де энергетикалық жобаларын толықтырады деген де ой айтылуда. Бұл тұста, Мәскеудің энергетикалық саясатын, «ГазПром» мен «РосНефтьтің» экспорттық стратегияларын да ескерген жөн. Алдағы жылдарда, Түркия мен Ресейдің энергетикалық стратегияларындағы күрделі мәселелер өз шешімін табуы мүмкін. Түркия халықаралық саясатта Ресейдің ықпалын біршама азайта алатын әлеуетке ие мемлекет. Түркия Ресейдің энергетикалық монополиясын шектеу жөнінде жаңа стратегиялар әзірлесе де, әзірше, Ресейдің геосаяси үстемдігі басымдау. Осылайша, Түркия Ресейдің энергетикалық тораптары, жеткізілімдері мен серіктестігіне әлі мұқтаж болып отыр. Қазақстан мұнай экспорттауда Ресейдің бәсекелестерінің бірі болғандықтан келешекте Каспий және Кавказ аймақтарында туындайтын жаңа мүмкіндіктерге дайын болуы қажет. Сондай-ақ, Қазақстан Түркия, Әзірбайжан және Түрікменстан сияқты көршілерінің Каспий атырабы маңындағы ортақ немесе келісілген энергетикалық жобаларына жіті назар аударуы керек.

Әдебиеттер

- 1 Korotışev A.P. Rus Toplumı ve Siyasilerin Türkiye'nin Kafkasya Politikasına Bakışı. Avrasya Uluslararası Ekonomik ve Stratejik Araştırma Dergisi, Türkiye Sayı №22, Nisan, Bahar, 2013. – S. 38-42.
- 2 Tuncay Babalı. The Role of Energy in Turkey's Relations with Russia and İnan. The Economic Research Foundation of Turkey. Center for Strategic and International Studies Report. – Ankara, 29 May 2012. – P. 2-6
- 3 Реми Буржо. Россия-Турция, энергетика как основа отношений. Russie. Nei/ Vision No 69. Французский Институт Международных Отношений ИФРИ. Март 2013. – С. 24
- 4 Mitat Çelikpala. Türkiye ve Kara Deniz Bölgesinin Yeni Enerji Politikası. Neighbourhood Policy Paper. Kadir Has University. Center for International and European Studies. No 3. January 2013. – P. 13
- 5 Burcu Kanbal. Türkiye ve Rusya Federasyonu İlişkilerinde Boru Hatları Diplomasisi. Uluslararası Politikalar Akademisi UPA.13 Şubat 2013. – S. 4. <http://politikaakademisi.org/?p=4024>
- 6 Марина Шевелёва, Ольга Онойко. Энергетическая политика Турции в Каспийском регионе (1998—2009 гг.). Журнал международного права и международных отношений, 2010. – № 47 – С. 5.

References

- 1 Korotyshev A.P. Rus Toplumı ve Siyasilerin Turkiye'nin Kafkasya Politikasına Bakışı. Avrasya Uluslararası Ekonomik ve Stratejik Arastırma Dergisi, Turkiye Sayı №22, Nisan, Bahar, 2013.S. 38-42
- 2 Tuncay Babalı. The Role of Energy in Turkey's Relations with Russia and İnan. The Economic Research Foundation of Turkey. Center for Strategic and International Studies Report. Ankara 29 May 2012. P. 2-6
- 3 Remi Bourgault. Rossia-Turtsiya, energetika kak osnova otnosheniy. Russie. Nei/ Vision No 69. Frantsuzskiy institute mezhdunarodnyh otnosheniy IFRI. Mart 2013. s. 24
- 4 Mitat Chelikpala. Turkiye ve Kara Deniz Bolgesinin Yeni Enerji Politikası. Neighbourhood Policy Paper. Kadir Has University. Center for International and European Studies. No 3. January 2013. P. 13
- 5 Burcu Kanbal. Turkiye ve Rusya Federasyonu İlishkilerinde Boru Hatları Diplomasisi. Uluslararası Politikalar Akademisi UPA.13 Şubat 2013. S. 4. <http://politikaakademisi.org/?p=4024>
- 6 Marina Shevyeleva, Olga Onoyko. Energeticheskaya politika Turtsiyi v Kaspiyskom regiyone (1998—2009 gg.).Jurnal mezhdunarodnogo prava i mezhdunarodnyh otnosheniy. – 2010. – № 4. – s. 5.